

**Ешимов М.П.**  
филология ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

## **Шетел студенттеріне қазақ тілінен тест құрастыру үлгілері**

Тест тапсырмаларын құрастыру және оны дұрыс пайдалану мәселелері төңірегінде дөңгелек үстелдерде, ғылыми-практикалық конференцияларда, семинарларда да талай айтылып та келеді. Дегенмен кейбір мамандар өзі осы (тест құрастыру мен оны пайдаланудағы) мәселелермен соқтықпайынша, мұның қыр-сырын жете біле бермейді. Тестілеудің теориясы мен практикасы қарқынды дамып келе жатқан заманда тест туралы қайталап айтудың, оны құрастыру мен қолданудағы әдіс-тәсілімен бөлісудің еш артықтығы жоқ деп санаймыз.

Тест – бұл стандартты тапсырмалар түрінің жүйесі. Тест арқылы біз тестіге қатысушының алған білімін, оқуға келіп отырған студенттің деңгейін анықтай аламыз. Тестілеу тест тапсырушылардың барлығына бірдей жағдайда өтеді. Тест тапсырмаларын құрастыруда тест материалдарының тест мазмұнының сапасын бағалау критерийлеріне және тест технологиясының талаптарына сәйкес болуын назардан тыс қалдырмау керек. Сонымен қатар тест құрастыруда белгілі бір ережелерді, яғни стандарттарды ұстану қажет. Қандай да бір пәннен тест дайындауда басқа пәндерге қатысты сұрақтардың болмауы шарт (мысалы, тарих пәні, әдебиет және т.б.). Тест сұрақтары өзіңіз таңдап алған нақты пәннің шеңберінде болғаны абзал. Бұл айтылғандарды ескермесек, тест құрастыру кезінде қателіктерге бой алдырамыз.

Шетелдік студенттерге немесе екінші тіл үйренуші басқа ұлт өкілдеріне тіл үйретуде бақылау (аралық, қорытынды) жұмысы ретінде тест тапсырмаларын беруге болады. Бұл тестіден студент алған теориялық білімін тексере алады. Сол мақсатқа байланысты тест тапсырмалары құрастырылады. Тестіні құрастыруда өтілген тақырып пен студенттің деңгейін ескерген жөн.

Бақылау тестіне арналған материал белгілі бір білім беру стандартына және бағдарламасына сай болуы, сонымен қоса толық берілуі тиіс. Жоғарыда айтып өткеніміздей, тест пән талаптарына жауап беруі қажет.

Тест құрастыру кезінде төмендегі жайттарды естен шығармаған абзал:

- а) тапсырма тест тапсырушының ереже білуін ғана емес, грамматикалық формаларды талдай алуын көрсететіндей деңгейде болуы шарт;
- ә) аударманы қолдану арқылы берілген тапсырмалар тек қана бастауыш деңгейде болғаны дұрыс.

**Жабық түрдегі тапсырмаларға қойылатын талаптар:**

- а) бір тапсырманың барлық дистракторлары шынайы және жағымды болуы керек;
- б) тапсырманың негізгі бөлігі логикалық жағынан орынды болуы қажет;

- в) тапсырмалар қысқа болуы қажет;
- г) негізгі бөлім мен жауаптардың дәлме-дәлділігі ескерілуі қажет (тапсырманың негізгі бөлігіне сөздердің ең көп бөлігі қолданылады, ал жауапқа 1-2 сөз жеткілікті);
- д) бір тапсырманың барлық жауаптары бірдей көлемде жазылуы тиіс;
- е) тапсырманың негізгі бөлігі синтаксистік жағынан алып қарағанда, барынша қарапайым болуы қажет (бір бағыныңқы сөйлемнен аспайтын);
- ж) тапсырма мәтініне болжам тудыруы мүмкін вербальды ассоциациялар кірмейді, бірінен-бірі шығатын іліктес жауаптар кірмейді;
- з) дұрыс жауаптар әртүрлі орындарда орналасуы қажет, дұрыс емес жауаптар санына бірінен-бірі шығатын іліктес жауаптар кірмейді;
- и) тапсырманың негізгі бөлімі мазмұнның осы материалына қажетсіз басы артық кез келген мәліметтерден арылуы қажет;
- к) жауаптардан барлық басы артық қайталанатын сөздер алынып тасталады (қажет болған жағдайда олар тапсырманың негізгі бөлігіне ауыстырылады). *Бәрі, ешқайсысы емес, ешқашан, әрқашан, барлық аталғандар, аталғандардың бірде бірі емес* деген болжам тудыратын сөздерді қолданбауға кеңес беріледі;
- л) тапсырмада тек бір ғана қиындықтың болуы;
- м) жауаптар мен дистракторлар бір негіздемеде сұрыпталады (егер уақыт тексерілетін болса, онда жауапта орын туралы хабарлама болмауы қажет);
- н) жақ, септік (зат есім) сияқты грамматикалық көрсеткіштердің келісілуі, тапсырмалардың негізгі құрамындағы және жауаптардағы етістік райлары;
- о) тест тапсырмаларындағы сұрақтарды берудегі дәлме-дәлдік;
- п) нұсқаулық тест тапсырмаларына енгізілмеуі керек.

8. Тапсырманың пәндік тазалығы. Тест мазмұны тестіленушілердің тілдік материалды меңгеру деңгейіне және тілді білу біліктілігінің қалыптасу деңгейіне сай болуы қажет.

9. Тестінің әрбір тапсырмасы мазмұнының мәнділігі, тестіге тіл мен сөйлеудің құрылымдық негізі болып табылатын мазмұнның барынша маңызды, өзекті элементтерін қосу қажеттілігі (мазмұнның мәнсіз элементтерін қосу тестіленушінің біліктілігі туралы негізсіз қорытындының шығуына әкеп соғады).

10. Тестінің әрбір тапсырмаларындағы нысан мен өлшемдер айқындылығы жоғары деңгейде болуы тиіс. Екіұшты тапсырмалар мен жауаптар берілмеуі қажет.

11. Техникалық рәсімдеу (анық басылуы, материалдың орынды орналасуы).

12. Нұсқаулық. Нұсқаулық барынша қысқа, түсінікті және формалық жағынан қарапайым болуы керек (сөйлемдерді нақтылайтын күрделі сөз орамдарын қолданбай). Қажет болған жағдайда мысалдармен көрсетілуі керек. Нұсқаулық тапсырманы құрастыруға енгізілмеуі қажет. Тест алардан бұрын сыналатын нұсқаулық үлгілерімен міндетті түрде таныстыру керек.

Шетел азаматтарына қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – студенттердің коммуникативтік компетенциясын қалыптастыру.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін ең алдымен студенттердің тілдік компетенциясын дамыту, яғни лексика-грамматикалық материалды қажетті деңгейде меңгертіп, оны қоғамда кездесетін әртүрлі сөйлеу үдерісіне лайықты, орынды, толық пайдалануға үйрету болып табылады. Сондықтан да берілетін тест тапсырмаларының негізгі мақсаты – студенттердің немесе тіл үйренушілердің тілдік компетенциясын меңгеру дәрежесін тексеру.

Қазіргі кезде тіл оқытуда, тестіге қатысушының білімін тексеруде тест тапсырмаларының әр түрі қолданылып келеді. Атап айтар болсақ, тұйық тапсырма (берілген жауаптардың дұрысын таңдауға арналған); сәйкесін табуға арналған тапсырма; қосымшалық тест, толықтыру тест, т.б.

Тест тапсырмаларын беруде көрсетілген тест түрлерінің түр-түрін қолданған дұрыс. Бұл бір жағынан білім алушыны жалықтырмайды, оның білімін тексеруге, пәнді әрі қарай қызыға оқуына ықпал етеді. Егер әрбір бақылау жұмысын өткізу кезінде тестінің бір түрі қолданыла берсе, білім алушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасы жоғалуы мүмкін. Мұның бәрі қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға байланысты айтылып отыр. Енді сәйкесін табуға арналған тест түрінің үлгілерін беріп көрейік:

**1) Мақсат: «Бүгін сабаққа барамын», - деді.**

*А) Мақсат бүгін сабаққа барғысы келетінін айтты.*

*Ә) Мақсат бүгін сабаққа бармайтынын айтты.*

*Б) Мақсат бүгін сабаққа бара алмайтынын айтты.*

**2) Марал достарынан: «Театрға қашан барамыз?» - деп сұрады.**

*А) Марал театрға барғысы келетінін айтты.*

*Ә) Марал достарынан театрға баратын-бармайтынын сұрады.*

*Б) Марал достарынан театрға қашан баратындарын сұрады.*

немесе:

**1) Кітап**

**2) Балалар**

**3) Орындықтар**

**4) Жігіт**

*А) Бұл кім?*

*Ә) Мыналар кімдер?*

*Б) Бұлар нелер?*

*В) Мынау не?*

Келтірілген бірінші және екінші тест үлгілерінде берілген сөйлем мағынасына сәйкес сөйлемді табу керек. Берілген тест түрінің келесі үлгілерінен білім алушы тек қана дұрыс жауапты тауып қоймай, сұрақты дұрыс қоя білуді де үйренеді. Сәйкесін табуға арналған тест бойынша екі бағанда орналасқан фактілерді бір-бірінің мағынасына, мазмұнына байланысты тауып таптастырады.

Тұйық тапсырма дегеніміз – берілген жауаптардың ішінен дұрысын таңдауға арналған тапсырма. Бұл тест түрі ҚР жоғары оқу орындарында, сонымен бірге мектептерде кең түрде қолданылып жүр. Тұйық тапсырманы ана тілінде (қазақ) білім алып жатқан студенттер дәрісханасында қолданумен қатар, қазақ тілін екінші тіл ретінде үйреніп жатқан шетелдік студенттер дәрісханасында да пайдаланып жүрміз. Бұл тестінің негізгі бөлімінде сұрақ, екінші бөлімінде 4 немесе 5 жауап беріледі. Студент сол 4 немесе 5 жауаптың ішінен дұрысын табуы қажет.

Қосымшалық тест қазақ тілінің жалғамалы ерекшелігін оқушы меңгере алды ма, жоқ па деген сұраққа жауап іздегенде өткізіледі. Сөйлемдер, мәтіндер беріліп, оның сыртында нөрімленген бірнеше жұрнақтар, жалғаулар тізбегі көрсетіледі. Сөйлемдегі қай сөздің қосымшасы түсіп қалған (көп нүктенің орнына т.б.) соны оқушы нөмірлеп тауып, санмен белгілейді [1, 291-292 бб.].

*Менің ат... Бекбол. Мен он жеті... .. Мен физика... ұнатамын. Мен университеттің физика және математика факультеті... екінші курста оқи.... Мен орысша, ағылшынша жақсы біл...мін.*

*Отбасым онша үлкен емес. Менің әке... жазушы. Ол кітап жаза.... Шешем дәрігер. Ол аурухана... жұмыс істейді. Менің қарындасым бар. Оның ат... Дана. Ол мектепте он бірінші сыныпта оқы... жатыр.*

- 1) -ды
- 2) -нде
- 3) -да
- 4) -м
- 5) -ы
- 6) -мын
- 7) -е
- 8) -ым
- 9) -п
- 10) -ны
- 11) -мін
- 12) -де

Толықтыру тестісі бойынша жаттығу құрамындағы сөйлемдердің кейбір сөздері не тіркестері түсіріліп тасталынады. Түсіріліп тасталынған сөздер немесе тіркестер жауап көрсетілген бөлімде беріледі.

**Енді ол Оксфорд университетіне барып, дәріс .....**

*А) тыңдаған*

*Ә) тыңдайды*

*Б) тыңдады*

*В) тыңдайтын*

*Г) тыңдапты*

**Өткен дүйсенбі күні біз театрға .....**

*А) барамыз*

*Ә) бардық*

*Б) бара жатырмыз*

*В) бармаймыз*

*Г) барғансың*

Толықтыру тестісін тіл үйренушінің жаңа сабақтың маңызды белгілерін, сонымен қатар грамматикалық білімді естерінде сақтап қалуға мүмкіндік туғызады.

В.С. Аванесов «тест арқылы бағалау тапсырманың түріне емес, тапсырма мазмұнының қиындығына байланысты. Дұрыс, жақсы құрастырылған тест тапсырмасының мүмкін деген жауаптарының барлығы дұрыс сияқты болып көрінуі қажет. Мүмкін жауаптарды дистракторлар (distract – назарды басқа нәрсеге аудару) деп атайды. Дұрыс әрі жақсы құрастырылған тест тапсырмалары таңдауға алынған дистракторлардан дұрыс жауапты оп-оңай және тез тауып алуға мүмкіндік бермейді, ойлануға әкеледі» – деп атап көрсетеді [2].

Тест тапсырмаларын құрастыру мен дайындауда дистракторлар беру күрделі мәселе болып табылады. Дистракторлар дегеніміз жауапқа ұсынылған варианттар. Ұсынылған мүмкін жауаптардың ішінен тек біреуі ғана жауап, ал қалғандары дистракторлар болады. Дистракторларды беру барысында біріншіден, дистракторлардың ішінен дұрыс жауап кетпеуі қажет. Мүмкін деген 5 жауаптың ішінен біреуі ғана дұрыс жауап болуы шарт. Мысалы, **Бұл не?**

- A) балалар
- Ә) дәптер
- Б) орындықтар
- В) жігіт
- Г) кітап

Берілген тест тапсырмасының екі жауабы дұрыс жауаптың қатарына жатады. Оның бірі *дәптер* болса, екіншісі *кітап*. Яғни бұл тапсырманың дистракторлары дұрыс берілмеген деген сөз.

- |                                    |                   |
|------------------------------------|-------------------|
| <b>Мен .... бара жатырмын</b>      | A) базарға        |
| <b>Сен .... келе жатырсың</b>      | Ә) дүкеннен       |
| <b>Сіз .... нан әкеле жатырсыз</b> | Б) университеттен |

Толықтыру тестісі бойынша жоғарыда мысалға келтірілген бір тапсырмада үш сұрақ, соған сәйкес үш жауап берілген. Бұл тест түрінен тіл үйренуші қай сөйлемде қай сөздің түсіп қалғанын тауып, дұрыс жауабын белгілеу керек. Көрсетілген тест түрінде екі сөйлемге де дұрыс келетін екі дұрыс жауап бар. Жауап бөлімінде шығыс септігі бірдей жалғанған екі сөзді қатар беру қателік болып саналады. **Сен .... келе жатырсың** деген сөйлемді толықтыруда логикалық тұрғыдан ойлап қарағанда *дүкеннен немесе университеттен* деген сөздердің біреуін қоюға болады. Сондықтан да күмән тудыратындай жауаптарды бермеген абзал.

Осыған ұқсас тағы бір мысал келтіре кетейік:

**Елбасы “қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін” деп тегін ...**

- A) айтты ма
- В) айтпақ па

- С) айтар емес*
- Д) айтқан жоқ*

немесе:

***Үш жылдық мерзімге арналған бұл бағдарлама былтыр ...***

- А) келген*
- В) болған*
- С) жиналған*
- Д) қабылданған*

Бұл мысалдарда да дұрыс жауап ретінде саналатын 2 дистрактор берілген. Тестінің әрбір тапсырмаларындағы нысан мен өлшемдер айқындылығы жоғары деңгейде болуы тиіс. Екіұшты тапсырмалар мен жауаптар берілмеуі қажет. Ал жоғарыда көрсетілген мысалдарда дұрыс деп есептелетін екіұшты жауаптар берілген.

Дистракторларға қойылатын келесі талап – олар негізінен бір сөз табынан болғаны абзал. Егер осы жағдайды ескерсек, сыналушының тапсырманың дұрыс жауабын тез таба алмауына, оның ойлануына әкелеміз. Мысалы,

***Сен мектепте ...***

- А) оқимын ба?*
- Ә) оқисың ба?*
- Б) оқимыз ба?*
- В) оқыды ма?*
- Г) оқисыз ба?*

***Ол осы ... ?***

- А) факультеттен бе?*
- Ә) факультет пе?*
- Б) факультеттенсіңдер ме?*
- В) факультеттенсіздер ме?*
- Г) факультеттенбіз бе?*

Мысалға алынған екі тапсырмада да дистракторлар бір сөз табынан берілген. Яғни бұл тест тапсырмасының дистракторлары дұрыс берілген.

Дистракторлары бір сөз табынан келмеген тест тапсырмасы:

**Сабақ ... басталады?**

- A) қашан?
- B) қашанда?
- C) қашанға?
- D) қаншаның?

Дистракторларды беруде тағы бір ескеретін жайт тапсырманың негізгі бөлігінде жауапқа көмек болатын сөз болмауы қажет. Мысалы, **Азық-түлік дүкенінен тек қана ... сатып алуға болады.**

- A) киім
- Ә) шаруашылық заттарын
- B) тамақ
- B) аяқ киім
- Г) тұрмыстық техника

Бұл тапсырма дұрыс берілмеген, өйткені негізгі бөлімде дұрыс жауапты табуға септігін тигізетін *азық-түлік* деген сөз көмектесіп тұр. Тест тапсырушы ойлануға уақыт кетірмей-ақ оның жауабын тез таба алады.

Тест құрастыруда жоғарыда санамалап берген тілек-талаптарды есте ұстаған жөн. Тест тапсырмаларын жасау барысында тест тапсырмасының бірінші бөлігімен қоса, екінші бөлігіне де назар аудару қажет. Яғни тапсырманың бірінші бөлігі мағыналы сөйлемдермен т.б. берілген болса, екінші бөлігінде де, яғни жауап болатын сөздер туралы да терең ойлану керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. – Алматы, 2009. – 368 б.
2. Аванесов В.С. Формы тестовых заданий. – М., 2006.
3. Нұршайықова Ж.Ә., Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі. – Алматы, 2009. – 144 б.
4. Ағманова А.Е., Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі бойынша тестілік бақылау жүргізуге арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 65 б.
5. Мацко И.В. Контролирующий грамматический тест // Авторские технологии в преподавании языков / под общ. ред. проф. Ж.А. Нуршаиховой. – Алматы: Бастау, 2010. – С. 251-253.